Бұйрық №2

Ақтөбе қаласы 01.09.2026 жыл

«Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру туралы»
Қазақстан Республикасының санитариялық қағидаларына, мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тамақтануын ұйымдастыру талаптарына сәйкес және тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жалпы ережелер:
1.1. Балабақшада балалардың тамақтануы белгіленген санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес ұйымдастырылсын.
1.2. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай теңгерімді, құнарлы және қауіпсіз тамақпен қамтамасыз ету міндеттелсін.
2. Тамақтануды ұйымдастыру тәртібі:
2.1. Балалардың тамақтануы күніне 3 рет (таңғы ас, жеміс, түскі ас, кешкі ас) бекітілген режимге сәйкес жүргізілсін.
2.2. Ас мәзірі 10 күндік перспективалық мәзір негізінде жасалып, балабақша меңгерушісімен бекітілсін.
2.3. Тағам дайындау кезінде өнімдердің сапасы, сақтау мерзімі және өңдеу технологиясы қатаң сақталсын.
2.4. Дайын тағамдарға күнделікті бракераж жүргізілсін.
3. Жауапты тұлғаларды белгілеу:
3.1. Медбике – Ильясова М
– ас блогындағы, асханада жұмыстың ұйымдастырылуын;
– балалардың тамақтануын, тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, өнімдерді өткізу мерзімдерін, сақтау шарттарын;
– ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау;
– тамақ дайындау сапасын және бракераж журналының дұрыс толтырылуын қамтамасыз ету жүктелсін.
3.2. Аспаз –
– тағамдарды бекітілген технологиялық карталарға сәйкес дайындау;
– ас блогының тазалығын сақтау міндеттелсін.
3.3. Шаруашылық меңгерушісі –
– азық-түлік өнімдерінің уақытылы жеткізілуін;
– сақтау шарттарының сақталуын қамтамасыз ету тапсырылсын.
3.4. Топтағы балалардың дұрыс тамақтануын бақылау, тамақ өнімдерінің нормасын қатаң сақтау тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Бақылау:
4.1. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

«ГүлҚуан-2» меңгерушісі: _____ Г.Елубайқызы